

**«АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамының
бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі
мемлекеттік емес облигациялар
екінші шығарылымының проспектісі**

Эмитенттің толық атауы: "АстанаГаз ҚМГ" акционерлік қоғамы

Эмитенттің қысқартылған атауы: "АстанаГаз ҚМГ" АҚ

«Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы) мемлекеттік тіркеу инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың анықтығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпарат анық екенін және инвесторларды эмитентке және оның орналастыратын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналымы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты ашып көрсетуді қамтамасыз етеді.»

Астана 2019ж.

1. Облигациялардың осы шығарылымы «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Эмитент) облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні – 2018 жылғы 11 желтоқсан;

2) облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі – 187 000 000 000 (жүз сексен жеті миллиард) теңге;

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:

облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) тіркеу күні – 2018 жылғы 11 желтоқсан;

облигациялардың саны және түрі – 85 000 000 (сексен бес миллион) дана, қамтамасыз етусіз купондық облигациялар;

шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі – 85 000 000 000 (сексен бес миллиард) теңге;

орналастырылған облигациялар шығарылымының саны – 85 000 000 (сексен бес миллион) дана;

облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақша көлемі – 85 000 000 000 (сексен бес миллиард) теңге;

осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы – есептелді – 2 560 625 000 теңге;

проспектіні ұсыну күні сыйақы төлемі жүргізілген жоқ;

(құжаттарды ұсыну күні алдындағы айдың соңғы жұмыс күніне)

сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны – облигациялар сатып алынған жоқ;

эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы – эмитенттің өз міндеттемелерін орындамаған фактілері жоқ;

облигациялар шығарылымының бағалы қағаздарын орналастыру немесе айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі – қолданылмайды;

облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда – облигациялар шығарылымы «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Қор биржасы) ресми тізіміне енгізілген, облигациялар ұйымдастырылған, сондай-ақ ұйымдастырылмаған нарықта айналуы мүмкін;

ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары:

Ұстаушыға облигациялармен берілетін құқықтар, оның ішінде:

- Облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- Облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде бекітілген сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Осы Проспектіде белгіленген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатуға жариялау құқығы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және Қор биржасының талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржы жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару немесе өзгеше түрде иелену құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Эмитент осы Проспект шығарылған Бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылмы шектеулерін (ковенанттарын) бұзушылыққа жол берген жоқ

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер

1) Облигациялардың түрі:

Қамтамасыз етусіз купондық облигациялар;

2) Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

1 000 (мың) теңге

3) Облигациялардың саны:

102 000 000 дана;

4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

102 000 000 000 теңге;

5) Облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге),

Барлық төлемдерді (сыйақы төлемі және негізгі борыш сомасы) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) қолма-қол емес тәртіппен жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болған кезде облигациялар бойынша барлық төлемдер теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға (тек қана АҚШ Долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын тиісті жазбаша хат алған жағдайда рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкті төлемді жүзеге асыру күніне бекіткен бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі.

Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға тиесілі сомадан ұсталады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

осы шығарылым облигацияларына ақы төлеу қолма-қол емес түрде ақшалай жүргізіледі.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың барлық айналымы мерзімінде бекітілген болып табылады және жылдық 10%-ды құрайды.

2) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні;

Сыйақы төлеу айналымның екінші жылынан бастап жылына 1 (бір) рет, облигациялар айналымының екінші жылы басталған күннен облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде әрбір 12 (он екі) ай сайын жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлемі жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күні басталғанда төленеді

Сыйақы төлемі екінші купон кезеңінен жүргізіледі, сыйақы төлемімен бір уақытта төменде келтірілген кестеге сәйкес облигациялар бойынша негізгі борыш сомасының бір бөлігі төленеді:

Купондық кезеңі	Номиналды құны, теңге	Купондық сыйақы, мың теңге	Негізгі борыштың бөлігі, мың теңге	Барлық төлем, мың теңге
1	1 000			
2	1 100	11 220 000	8 769 410	19 989 410
3	1 014	10 343 059	9 646 350	19 989 409
4	919	9 378 424	10 610 985	19 989 409
5	815	8 317 326	11 672 085	19 989 410
6	701	7 150 117	12 839 295	19 989 412
7	575	5 866 188	14 123 220	19 989 408
8	437	4 453 866	15 535 545	19 989 411
9	284	2 900 311	17 089 100	19 989 411
10	117	1 191 401	11 914 010	13 105 411
Барлығы		60 820 691	112 200 000	173 020 691

3) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күні;

Облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялар айналымы басталған күнінен басталады (айналымның басталу күні – Қор биржасының талаптарына сәйкес алғашқы өткен сауда-саттықты өткізу күні). Сыйақы есептеу облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде жүргізіледі;

4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

Сыйақы төлемі Бекіту күні облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына Бекіту күнінен кейінгі күннен бастап 4 (төртінші) жұмыс күні ақша аудару (теңгемен) жолымен жүзеге асырылады.

Төлем күніндегі сыйақы номиналды құнның және купондық сыйақы мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және жуықтау әдісі Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Бекіту күні: Осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күні басталғанда Облигацияларды ұстаушылар тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғалар екінші купондық кезеңнен баастап әрбір купон кезеңі үшін облигациялар бойынша сыйақы және екінші айналым жылынан бастап облигациялар бойынша негізгі борыш сомасының бөлігін алуға құқылы (уақыт бойынша Эмитенттің тіркеушісі орналасқан жерінде).

- 5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі.
Облигациялар бойынша сыйақы төлемі барлық айналым мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізіледі.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері;
- 2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі;
- 3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі.

Қолданылмайды.

7. Секьюритизация кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

- 1) оригинатордың, кастодиан банкінің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер алымын жүзеге асыратын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
- 2) секьюритизация мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттер;
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары, тәртібі мен мерзімдері, және олардың орындалуына бақылау жүргізу тәртібі;
- 4) берілген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;
- 5) секьюритизация мәмілесі бойынша қызмет төлеміне байланысты шығыстар, және арнайы қаржы компаниясына осы шығыстарды берілген активтерден шегеруге құқық беретін талаптар;
- 6) оригинатордың және секьюритизация мәмілесіне қатысушы тұлғалардың секьюритизацияны қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;
- 7) секьюритизация мәмілесін қамтамасыз ететін берілген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;
- 8) талап ету құқықтары біртектілігінің белгісі;
- 9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі.

Қолданылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру талаптары мен тәртібі:

- 1) облигацияларды орналастыру басталған күн – облигациялар айналымы басталған күн;
- 2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн – облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күні;
- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы) – Эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылады.

9. Облигациялар айналысының талаптары мен тәртібі:

- 1) облигациялар айналысы басталған күн – облигациялар айналысы басталған күн Қор биржасының талаптарына сәйкес алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні болып табылады;
- 2) облигациялар аяқталған күн – Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күні;
- 3) айналыс мерзімі – облигациялар айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл;

4) облигациялар айналысы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы) – Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айналатын болады.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні – облигацияларды соңғы өтеу күні айналым басталған күннен 10 жыл өткеннен кейін облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 4 (төртінші) жұмыс күні болады.

2) облигацияларды өтеу тәсілі – облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен;

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақышы және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың отуін іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі – қолданылмайды.

Облигациялар бойынша негізгі борыштың амортизацияланбаған сомасын өтеу соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеумен жүзеге асырылады. Төлем облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 4 (төртінші) жұмыс күніне Бекіту күніндегі жағдай бойынша облигациялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың ағымдағы шотына ақша аудару (теңгемен) жолымен жүргізіледі.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болған кезде облигациялар бойынша барлық төлемдер теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға (тек қана АҚШ Долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын тиісті жазбаша хат алған жағдайда рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкті төлемді жүзеге асыру күніне бекіткен бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі.

Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары; Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған рыноктарда олардың барлық айналым мерзімі ішінде сатып алуға құқылы.

Эмитент облигацияларды сатып алу бағасын:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында мәміле жасасу кезінде, мәміле жасасу күніндегі нарықтық құнына сүйене отырып;

- ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында мәміле жасасу кезінде – тараптардың келісімі бойынша анықтайды.

Сатып алынған облигациялар өтелді деп есептелмейді және Эмитент қайтадан орналастыра алмайды.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигацияларды сатып алынатын облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзушылыққа әкеп соқпауы тиіс.

Эмитент орналастырылған (сатып алынғандарды алып тастағанда) облигациялар туралы ақпаратты Қор биржасының ресми сайтында ашып көрсетеді.

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері көрсетіледі;

Эмитент барлық облигация ұстаушыларға Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу бойынша қабылдаған шешімі туралы Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қор биржасының және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайттарында (www.dfo.kz) Эмитентің ішкі корпоративтік құжаттарында, Қор биржасының ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды. Ұстаушылары оларға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап бермеген облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

12. Егер эмитент облигацияларды шығару кезінде Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) қабылдаған жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

12.1. Эмитент келесі міндеттемелердің кез келген бұзған:

- 12.1.1. Эмитенттің Акционерлер проспектісін тіркеу күнінде қолданыстағы 100% (жүз пайыз) акциялардың меншікте (бақылауда) сақталуын қамтамасыз ету, оның түпкілікті бенефициарлық меншік иесі Облигациялардың барлық айналым мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы болып табылады;
- 12.1.2. Эмитенттің үш халықаралық рейтинг агенттігінің кез келгені (S&P Global Ratings және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody's Investors Service) берген ұзақ мерзімді дефолт рейтингін Облигациялардың барлық айналым мерзімі ішінде «BB-» төмен емес деңгейде ұстау;
- 12.1.3. құрылысты аяқтау және уәкілетті тұлғалар 30.09.2020 ж. кешіктірмей қол қойған, пайдалануға енгізу актісімен расталған, «Сарыарқа» (1 кезең, Қызылорда-Астана учаскесі) магистральды газ құбырын («Жоба» немесе «Газ құбырын салу») пайдалануға енгізу;
- 12.1.4. газ құбыры құрылысын аяқтау мерзімінің сәйкестігін және 12.1.13-т. көрсетілген мерзімге әсерінің болмауын ескере отырып, Проспектіге №1 Қосымшада көрсетілген Газ құбырын салу кестесінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 12.1.5. газ құбырын жалдаушымен 30.06.2020 ж. кешіктірмей «Сарыарқа» (1 кезең, Қызылорда-Астана учаскесі) магистральды газ құбырын жалдау шартын жасасу;
- 12.1.6. Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Газ құбырын жалдау шартының жарамдылығын сақтау;
- 12.1.7. Эмитенттің өзінің кез келген мүлкін, Эмитенттің акцияларын және Эмитенттің кез келген ақша ағындары мен шоттарына талап құқықтарын үшінші тұлғаларға міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге, оның ішінде Газ құбырын жалдау шарты және өзге де шарттар бойынша талаптар құқығын бермеуі;
- 12.1.8. Жоба құнын Проспектіні тіркеу күніне Газ құбыры құрылысының жалпы құнынан 10 (он) және одан көп пайызға арттырудың болмауын қамтамасыз ету;
- 12.1.9. Газ құбыры құрылысының жалпы құнын кез келген арттыруды Эмитенттің жеке қаражатымен қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- 12.1.10. кез келген кредиторларды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, кез келген облигация ұстаушыларды, Газ құбыры құрылысын қоса алғанда, кез келген үшінші тұлғаның алдындағы қаржылық берешегін өтеу бойынша Эмитенттің өзінің кез келген міндеттемесінің орындалмауы болмауын қамтамасыз ету, егер мұндай орындамау 45 (қырық бес) және одан да көп жұмыс күні бойы жалғасатын болса, соның салдарынан (немесе өзге негіздеме бойынша) кез келген облигация ұстаушыларды қоса алғанда, қандай да бір кредиторлар Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуын

(кросс-дефолт), оның ішінде сот тәртібінде және/немесе Эмитенттің ағымдағы шоттарына иккассалық тапсырмаларды, төлем талаптарын, атқару парактарын беру және/немесе әрбір күнтізбелік жылы Эмитент активтерінің теңгерімдік құнынан 1% асатын сомаға ақша қаражатын тыйым салу жолымен талап етсе немесе талап ету құқығын алса;

- 12.1.11. шығарылым бойынша алынатын, сондай-ақ Эмитент акционерлер ұсынған қаржыландыру қаражатын және бірінші облигациялық бағдарлама шегінде Эмитент облигацияларының бірінші шығарылымын орналастыру нәтижесінде алынған қаражатты нысаналы мақсаты бойынша, яғни Газ құбырын салу шығыстарын төлеу мақсаттарына пайдалану);
- 12.1.12. Эмитенттің Қор биржасы талаптарына сәйкес мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін ұсыну мерзімін қамтамасыз етуі;
- 12.1.13. Эмитенттің Қор биржасының талаптарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін қамтамасыз етуі;
- 12.1.14. Облигацияларды ұстаушылардың өкіліне 01.05.2020 кешіктірмей және әрі қарай жыл сайын газ құбырын жалдау Шарты бойынша жалдаушы мен Эмитент арасындағы төлем болжамында салынған ағындар туралы ақпаратты ұсыну;
- 12.1.15. ОҰӨ-мен Эмитенттің 1 Кепілзат шартында көрсетілген шоттарында бар ақшаны және Проспектіні бастапқы орналастырудан түскен, 1 Кепілзат шатында көрсетілген, әрі қарай 12.1.15 т. 2) тарм. көрсетілген кепілзатпен жабылмаған Қамтамасыз етілген міндеттемелердің жалпы құны мөлшеріндегі Эмитенттің 1 Кепілзат шартында көрсеткен шотына болашақта барлық Қамтамасыз ету кезеңі ішінде кез келген уақытта келіп түсетін кез келген төлемдердің 100% (жүз пайызы) көлеміндегі 1) ақшаларды, Қамтамасыз ету кезеңі аяқталғанға дейін азайтылмайтын қалдық болып табылатын, 1 Кепілзат шартында 10 000 000 (он миллион) мөлшерінде көрсетілген, Эмитент шоттарындағы 2) ақшаларды талап ету құқықтарын кепілге қою туралы 1 Кепілзат шартын жасасу, 1 Кепілзат шартын облигациялар айналысы басталған күніне 45 (қырық бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-да тіркеу.

Осы тармақтың және жалпы алғанда 12-баптың мақсаттары үшін келесі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) «1 кепілзат шарты» - Эмитент пен ОҰӨ арасында Эмитенттің Проспект шегінде облигациялар ұстаушылардың алдындағы міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін жасалған шарт.
 - 2) «Проспект» осы Проспектіні білдіреді
 - 3) «Қамтамасыз ету кезеңі» (Кепілзат шарты жасалған күннен бастап Проспект шегінде Эмитенттің облигация ұстаушылардың алдындағы барлық ақшалай міндеттемелерін орындау күніне дейін.
 - 4) «Қамтамасыз етілген міндеттемелер» Эмитенттің Проспект шегінде облигация ұстаушылардың алдындағы Проспектіден және/немесе онымен байланысты туындайтын, облигациялардың номиналды құнының сомасын өтеуге және облигациялар бойынша сыйақы, Проспект бойынша тұрақсыздық айыбын, шығыстар мен ұсталған шығындарды төлеуге қатысты барлық ақшалай міндеттемелердің кез келген түрін (ағымдағы және болашақ, шартты және шартсыз), сондай-ақ Кепілзат шарты бойынша Кепіл берушінің міндеттемелерін білдіреді
 - б) «ОҰӨ» - Проспект шегіндегі облигацияларды ұстаушылардың өкілі.
- 12.1.16. ОҰӨ-мен Қамтамасыз етілген міндеттемелердің жалпы құны шегінде Эмитентке Газ құбырын жалдау шарты бойынша келіп түсетін кез келген төлемдердің 100% (жүз пайыз) мөлшеріндегі ақшаны талап ету құқықтарын кепілге қою туралы Кепілзат шартын жасасу және оны Қазақстан Республикасы Үкіметі стратегиялық нысан ретінде газ құбырының үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалығына қатысты Қаулы қабылдаған күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен кешіктірмей «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-да (заңнамада өзгерістер болған жағдайда, оның құқықтық мұрагерінде) тіркеу (бұдан әрі – 2 кепілзат шарты).
- 12.2. Эмитент облигация ұстаушыларының келісімінсіз келесі іс-әрекеттерді жүзеге асырды:

- 12.2.1. егер осы шығарылым облигацияларының ұстаушыларымен өзгеше келісілмесе, Эмитенттің кез келген нысанда дивидендтер төлеуі;
 - 12.2.2. егер осы шығарылым облигацияларының ұстаушыларымен өзгеше келісілмесе, Эмитенттің үшінші тұлғаларға кез келген нысанда қаржылай көмек көрсетуі немесе қарыз, инвестициялар беруі;
 - 12.2.3. егер облигациялар бойынша қаржы берешегіне қатысты субординацияланған болса, сондай-ақ осы шығарылым облигациялары ұстаушылармен келісілген, Эмитенттің акционерлер алдындағы қаржылай көмек бойынша берешекті қоспағанда, Эмитенттің соңғы есепті күніндегі активтерінің теңгерімдік құнынан 5 (бес)% пайыздан асатын көлемде кез келген қаржы берешегін қабылдау, кепілдік және кепілгерлік беруі;
 - 12.2.4. егер осы шығарылым облигацияларын ұстаушылармен өзгеше келісілмесе, егер құны Эмитенттің соңғы есепті күніндегі активтерінің теңгерімдік құнынан 5 (бес) % асатын болса, Эмитенттің бекітілген активтерді иеліктен шығаруға бағытталған мәмілені және/немесе бірнеше өзара байланысты мәмілелерді жасасуы;
 - 12.2.5. Газ құбырының құрылысы шеңберіндегі инвестицияларды қоспағанда, Эмитенттің өзге инвестициялық жобаларды/бағдарламаларды жүзеге асыруы;
 - 12.2.6. Эмитенттің осы шығарылым облигацияларын ұстаушылардың келісімінсіз газ құбырын Жалдау шартының талаптарын өзгертуі; оның ішінде:
 - а) Жалдау Шарты бойынша құқықтарды / міндеттерді берумен;
 - б) екінші шығарылым облигациялары ұстаушыларына акцепсіз есептен шығару құқығы берілген Шот шартының деректемелерін өзгертумен және/немесе Шартты бұзумен байланысты;
 - 12.2.7. егер осы шығарылым облигацияларын ұстаушылармен өзгеше келісілмесе, облигацияларды ұстаушылармен келісілген жалдаушы немесе ұстаушылар үшін қолайлы Эмитенттің облигациялар бойынша төлемдерді жасауға мүмкін беретін ақша ағындарының көзі болып табылатын негізгі активін пайдаланудың кез келген нысаны болмаған кезде газ құбырын жалдау Шартын бұзу;
- 12.3. Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындауға теріс әсер етуі мүмкін оқиға, келесілерді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейді:
- 12.3.1. Эмитентке қатысты сот, төрелік, аралық немесе әкімшілік іс нәтижесінде туындаған Эмитенттің белгіленген мерзімде төленбеген (өтелмеген) жазасының (айыппұлдың) болуы, ол бойынша әлеуетті жауапкершілік соңғы есепті күні Эмитент активтерінің теңгерімдік құнынан 5%-ға артық;
 - 12.3.2. келесілерге теріс әсер ететін кез келген оқиғалардың басталуы:
 - (а) Эмитент облигацияларының кез келген шығарылымы шегінде Эмитенттің өз міндеттемелерін орындауға қабілеттілігі;
 - (б) Эмитент облигацияларының кез келген шығарылымы шегінде облигациялар бойынша міндеттемелерді және/немесе облигация ұстаушыларының құқықтарын мәжбүрлі орындаудың қолданылуы, заңдылығы және/немесе мүмкіндігі;
 - (в) Эмитенттің Газ құбыры құрылысы шегінде бұзылған шартқа ұқсас талаптармен жаңа шарт жасаспай, мердігерлік Шартты бұзуы және/немесе мердігерлік Шартына Мердігерлік шартының құнын және/немесе мерзімдерін арттыруға әкеп соқпайтын өзгерістер енгізу;
 - 12.3.3. Проспектінің 20-т. 3-тарм. көрсетілген кез келген қамтамасыз ету құжаттарының жарамдылығын («Қамтамасыз ету құжаты») үшінші тұлға сот тәртібінде даулауы мүмкін немесе мүліктің (болған кезде) құны және қамтамасыз ету құжаттары бойынша құқықтар тиісті Қамтамасыз ету құжатында көрсетілген қамтамасыз етудің бастапқы құнынан 5% (бес пайыздан) артық төмендейді (облигация ұстаушылардың пікірі бойынша) және Эмитент Облигация ұстаушыларының өкілі жазбаша сұрату жіберген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде немесе облигация ұстаушылардың келісімімен өзге де мерзімде облигация ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыратын қосымша қамтамасыз ету ұсынылмаған;
 - 12.3.4. заңды рәсімдер басталды, солардың салдарынан келесі оқиғалар басталуы мүмкін:
 - а) қайта ұйымдастыру, тарату, Эмитенттің мүлкін басқаруға беру;

- б) Эмитентке және (немесе) оның мүлкіне қатысты әкімшіні (уақытша әкімшіні, оңалту, уақытша және (немесе) банкроттық басқарушыны) тағайындау;
- в) Эмитенттің негізгі өндірістік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қайтарып алу (күшін жою), лицензияның қолданылу мерзімінің өтуі;
- 12.3.5. Эмитент Газ құбыры құрылысынан бас тартады және бұл ретте облигациялар ұстаушылар үшін Газ құбыры құрылысының және/немесе оның активтерінің құқықтық мұрагері жоқ және/немесе Газ құбыры құрылысына жататын активтер едәуір зақымдалған немесе жойылған;
- 12.3.6. Газ құбыры Құрылысының және/немесе Эмитенттің газ құбырын/активтерді мемлекет меншігіне айналдыру және/немесе экспроприациясы басталды;
- 12.3.7. Облигациялардың айналым мерзімі ішінде газ құбырын жалдаушының бір немесе бірнеше халықаралық рейтинг агенттіктері (S&P Global Ratings және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody's Investors Service) берген ұзақ мерзімді дефолт рейтингінің «BB-» деңгейінен (немесе оның эквиваленті) төмендеуі болды немесе көрсетілген агенттіктердің кез келген бар рейтингті қайтарып алуы болды.

2) эмитенттің ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі.

Осы Проспектіде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және ҚЕД интернет-ресурсында (www.dfo.kz) ақпаратты орналастыру арқылы осы бұзушылықтың пайда болу себептерінің, бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімінің толық сипаттамасымен осы бұзушылық туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларды хабардар етеді.

сатып алу туралы бірінші жазбаша талап алған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны есепке ала отырып, осындай сатып алу күніде Облигациялар бойынша негізгі борышқа сәйкес келетін баға бойынша немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, қайсы шама үлкен болуына байланысты облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталатын Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасына сәйкес.

Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және ҚЕД интернет-ресурсында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы облигация ұстаушыларға облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды.

Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алуы облигация ұстаушыдан облигацияларды сатып алу туралы бірінші жазбаша талап алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Сатып алу Облигация ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі. Облигация ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік эквивалентті немесе өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.

3) облигацияларды ұстаушылардың ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі.

Осы Проспектіде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған және/немесе Эмитенттен/ ОҰӨ осындай бұзушылық туралы ақпарат алған жағдайда кез келген облигация ұстаушылар хабардар болған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Эмитентке оған тиесілі облигацияларды жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны есепке ала отырып, номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша сатып алу туралы тиісті талап ұсыну арқылы оған тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент сатып алу күнін анықтайды, ол бірінші жазбаша талапты алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмеуі тиіс және Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларға Қор биржасының және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында хабарлама орналастыру арқылы

облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды. Эмитент көрсетілген мерзімде облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.

Облигация ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, ерікті түрде өтініш береді:

Заңды тұлға үшін:

- Облигация ұстаушының атауы;
- Бизнес – сәйкестендіру нөмірі;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті беру нөмірі, күні және берген орган);
- Заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;
- Телефондары;
- Банк деректемелері;
- Сатып алуға тиесілі облигациялардың саны және түрі;

Жеке тұлға үшін:

- облигация ұстаушының тегі, аты және болған кезде әжесінің аты;
- Жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Жеке басты куәландыратын құжатты берген орган, нөмірі және күні;
- Тұрғылықты жері;
- Телефондары;
- Банк деректемелері;
- Сатып алуға тиесілі облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушылары осы Облигациялары шығарылымы проспектісінде көрсетілген осы шығарылымның айналым мерзімі аяқталуы бойынша оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқылы.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру, осы акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде облигациялар шығарылымы күшінің жойылатындығы көрсетіледі, ал егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталмайтын болса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигацияларының бұдан әрі орналастырылмай, айналыс мерзімінің соңында өтелетіндігі көрсетіледі)).

Осы шығарылым облигацияларды айырбасталмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық не ішінара қамтамасыз ететін эмитенттің мүлігі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүліктің бағасын, салық туралы шарттың деректемелерін көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз ету сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету бағасының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл затын өндіріп алу айналысы тәртібі;
Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

15. Кепілдік берген банктің деректері, атауы, орналасқан жері, кепілдік туралы шарттың деректемелері, кепілдіктің мерзімі мен талаптары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Қолданылмайды.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

Қолданылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны нысаналы пайдалану мақсаты:

- 1) эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаты – «Сарыарқа» магистральды газ құбыры (МГ) I кезеңінің құрылысы бойынша шығыстар төлемін, құрылысты, іске қосу-реттеу және құрылыспен байланысты өзге де шығыстарды қоса алғанда, «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысын қаржыландыру» жобасын қаржыландыру
- 2) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі - қолданылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Қолданылмайды.

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

- 1) эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде қарастырылған облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықты алу құқықтары:
 - Облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
 - Облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде бекітілген сыйақы алу құқығы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
 - Осы Проспектіде белгіленген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатуға жариялау құқығы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және Қор биржасының талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржы жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
 - Облигацияларды еркін иеліктен шыару немесе өзгеше түрде иелену құқығы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар;
- 2) эмитенттің облигацияларды, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары:
 - «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптар бұзылған жағдайда Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуы тиіс.
 - Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды бұзған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша жинақталған сыйақыны есепке алғанда сатып алу күнінде

облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті.

- Эмитенттер осы Проспектіде көзделген ковенанттарды бұзған жағдайда

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлар басталған кезде, сондай-ақ басталған кезде 20-т. көрсетілген дефолт жариялануы мүмкін оқиға/-лар жағдайында Эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, осындай сатып алу күнінде облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, қай шама ең үлкен болуына байланысты орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қор биржасының ішкі құжаттарында көзделген мерзім ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қор биржасының ішкі құжаттарында мұндай мерзім болмаған кезде – осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде Эмитент Қор биржасының, Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (www.dfo.kz) мыналарды қоса алғанда, хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларға осындай факті туралы хабарлайды:

- 1) Эмитенттің облигацияларды сатып алуына әкелген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат;
- 2) облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін санамалап көрсету, Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда;
- 3) Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.
